

СӘУЛЕТ ФАКУЛЬТЕТІ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЖАПОНИЯДАҒЫ ASIAN RIM INTERNATIONAL SEMINAR 2019 АТТЫ СЕМИНАРЫНА ҚАТЫСУЫ

СА ҚазБСҚА және Saga University (Жапония) арасындағы ынтымақтастық Меморандумына қол қоюдың арқасында қатарынан төрт жыл бойы біздің студенттерге тәжірибе алмасу және жапон мәдениетін үйренуге мүмкіндік беріледі.

2019 жыл ерекше болды. Профессор Н.Ж.Козбагарованың бастамасымен Сәулет факультетінің оқытушысы Ш.А.Сулайманова және 3-4 курс студенттері бастаған топ: Сельмухан Мадияр, Камбарова Анна, Калтай Камила, Токтаганова Аделия, Асубаева Аружан, Нурланова Меруерт «ASIAN RIM International Seminar 2019 in Hizenhama-shuku» атты воркшопқа қатысты.



Ашылу күні қатысушылар әр түрлі елдердің студенттерінен құралған топтарға бөлінді. Бұл жұмысқа магистранттар да, студенттер де қатысты. Симпозиум барысында оқытушылар: «Жаһандық қоғамда жергілікті қаланың иммиграциясы мен белсенділігі» («Immigration and activation of local town in global society») атты тақырыбында баяндама жасады.

Воркшоп (Workshop) ағылшын тілінен аударғанда «шеберхана» немесе «цех» деген мағынаны білдіреді. Воркшоп (Workshop) – бұл әр адамның белсенді қатысуын білдіретін ұжымдық оқыту әдісі.

Іс-шараға 7 сәулет мектебі қатысты: Австриядан (Vienna University of Technology), Қазақстан Республикасы (КазГАСА), Тайландтан (Chiang Mai University және Thammasat University), Мьянмадан (Бирма) (Thanlyn University of Technology), Нидерландтан (Eindhoven University of Technology) және Жапониядан (Saga University).



Зерттеу аймағы Жапонияның Кагаима қаласының оңтүстігінде, ол қатты толқындар мен тайфуны бар нөсер сияқты апаттарға әкелуі мүмкін үлкен лагунаны сипаттайтын Сага префектурасы, Хизенхама-шуку деп аталатын дәстүрлі қалалық жерде болды, Бұл аумақта 2006 жылдан бастап жапон үкіметінің қолдауымен дәстүрлі ғимараттарды сақтаудың екі маңызды ауданы бар. Мұнда сақталған маңызды ғимарат осы жылдың сәуір айында өртенді. Ғимарат әуелде пансион (Ryokan) болған, болашақта жөндеу жұмыстар жүргізу көзделген. Міндеттердің бірі - ғимаратты қайта құру және көшелерді абаттандыру, сонымен қатар жергілікті тұрғындар мен туристер үшін ортақ кеңістік сияқты жаңа функцияларды құру туралы ұсыныс болды.



Оқытушылар мен студент-еріктілер қатысушылардың креативті жұмыстары үшін ыңғайлы жағдайлар дайындады. Воркшоп бағдарламасы қызықты және маңызды болды, дайындық және ұйымдастырылуы ойластырылған.

Сәулет – бұл көбіне әлеуметтік, табиғи және психологиялық факторларға тәуелді үнемі дамып келе жатқан сала. Сондықтан халықаралық семинарлар әр студенттің көзқарасын кеңейтуге, шетелдік студенттермен және оқытушылармен жұмыс істеуге, сәулетпен ғана емес, сонымен бірге басқа елдің мәдениетін де өз көздерімен көріп және танысуға үлкен мүмкіндік береді. Қатысушылар үшін басты кеңес: «Қорықпа және соған ұмтыл!».

Арх-16-8 тобының студенті Нурланова Меруерт**